

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған
«Менің Отаным - Қазақстан» Республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған **«Менің Отаным - Қазақстан»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында азаматтылықты және патриотизмді тәрбиелеу, дарынды балалар, жастар және педагогикалық қызметкерлерді анықтау, қолдау және олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму тарихын меңгеруді насихаттау;

- өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттыққа тәрбиелеу;

- өз елінің болашағына деген жауапкершілікті тәрбиелеу;

- ұрпақ сабақтастығын және Отаны үшін мақтанышты тәрбиелеу;

- балалар шығармашылығын дәріптеу;

- өскелең ұрпақты заманауи қоғамның өзекті мәселелерін шешуге жұмылдыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 1 қыркүйек - 7 желтоқсан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 1 желтоқсанға** дейін **konkurs.otanym@mail.ru**, электронды поштаға, сондай-ақ: 010000, Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, 15-қабат, 1512-кабинет, ҚР БҒМ-нің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мекен-жайы бойынша қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249305 («Менің Отаным - Қазақстан»).

7. **2015 жылғы 1 желтоқсаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платеж: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «**Менің Отаным - Қазақстан**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **konkurs.otanym@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 7 желтоқсанда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

11. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 5-20 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

5-9 жастағы кіші жас санаты;

10-15 жастағы орта жас санаты;

16-20 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқауға жеке жасалған және ұжымдық жұмыстар қабылданады.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Менің Отаным - Қазақстан» атты номинациясы (қатысушылар өздері шығарған өлеңдер, шығармалар, очерк, әңгіме, мақала және басқа басылымдар байқауы).

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 2-3 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: шығарманың немесе өлең туындысының, мақаланың, басылымның, очерктің, әңгіменің аталуы, қатысушының аты-жөні, жас мөлшері, e-mail, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

Бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа мәтіннің сәйкестігі;

- шығарма идеясы, мәтін бүтіндігі;
- шығармашылық құралдарының қолданылуы;
- шығармашылық жұмыстың мазмұны мен өзектілігі;
- жұмыстың өз бетімен орындалуы (жұмыста тек автордың жеке ойлары көрсетілуі тиіс!).

2. «Тәуелсіз Қазақстан балалардың көзімен» номинациясы (суреттер байқауы).

Байқауға фломастер, гуашь, борлар, балауыз борлар, пастель, қарындаш, материалдарды аралас пайдалану және т.б. үйлестірілген материалдар қолданылған, кез-келген техникада орындалған суреттердің фотолары қабылданады.

Байқауға паспартуы бар А-3 форматындағы суреттің түпнұсқасы жіберіледі.

Жұмысты бағалау критерийлері:

- жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- қатысушының жас санатына сәйкестігі;
- орындау шеберлігі;
- тақырыптың ашылуы;
- түстік шешімі, колорит;
- сонылығы;
- көркемділігі.

3. «Қазақ елі осындай» номинациясы (патриоттық әндер байқауы).

Байқауға соло, дуэт және трио, вокалдық топ, хорлар қатыса алады.

Байқауға 4 минуттан аспайтын бір бейнежазба ұсынылады. Қатысушылар туындыларды, концертмейстер, инструменталды топ немесе негізгі әуен қоса жүргізілмеген «минус бір» фонограммасының сүйемелдеуімен, өз аккомпанементінде, а' cappella орындайды. Жазба сапалы жасалған болуы керек, механикалық дыбыстар болмауы тиіс.

Папқаларға туынды жазбасын, ұжым аталуы немесе орындаушы аты-жөні туралы мәлімет, номинациясы, жас мөлшері, e-mail, өлең аталуы, жетекшінің аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, e-mail, облыс, қала, аудан, ауыл көрсетілген сұранымды салу қажет.

Критерийлер:

- байқау тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;
- жас санатына сәйкестігі;
- өзіндік ерекшелігі, орындау сонылығы, көрсетілімнің көркемділігі;
- орындау шеберлігінің деңгейі;
- ән сүйемелдеуінің кәсіби деңгейі;
- сахналық мәдениет деңгейі;
- вокалдық интонацияның тазалығы.

4. «Болашақ біздің қолымызда» номинациясы (жобалар байқауы).

Байқауға зерттеу жобалары қабылданады. Жобаның көлемі А-4 форматтағы 20 беттен аспау керек, теру шрифті - Times New Roman, көлемі - 14. Аралық интервалы – біркелкі. Зерттеу жобаға пікір жаздыруға болады.

Жұмыста келесі тараулар міндетті түрде болуы керек:

1. Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жобаның аталуы, қатысушының және жетекшінің толық аты-жөні, e-mail, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

2. Мазмұны.

3. Кіріспе.

4. Теориялық бөлімі.

5. Қорытынды және ұсынымдар.

6. Қолданылған әдебиеттер тізімі.

7. Қосымшалар.

Бағалау критерийлері:

- конкурстың тақырыбына сәйкестігі;

- өзектілігі;

- ғылымилығы;

- ақпарат көзімен жұмысы;

- мазмұндаудың түсініктілігі.

14. Байқауға әр автордан бір немесе екі номиция бойынша жұмыстар қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

15. Материалды ресімдеу.

Байқауға материалдар электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқау жұмыстарының архивті құжатын электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) байқауға қатысушының толық аты-жөні, жасы, ұялы телефон номері, электронды адресі; облыс, қала, ауыл;

2) оқу орыны, мекен жайы, электронды поштасы;

3) жетекшінің толық аты-жөні (жетекші болған кезде), жетекшінің телефон номері, электронды адресі;

4) байқау жұмысының аталуы;

5) байқау номинациясының аталуы;

6) сұраныс тапсырған күні.

Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары Бас жұлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.